



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№2 (2) 20.01.2014



Лебедев Игорь:
«К новым вершинам...»

19 бет

Әкім Марази:
«Қарағанды қаламыздың аяғына айналдырамыз!»

4 бет





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



Құрметті оқырман!!!

Сіздерге ұсынылып отырған Қазақ Ұлттық Өнер университетінің «Шабыт» журналы өнер төңірегіндегі мәдени жаңалықтарға негізделген. Журналдың екінші санында да өз әріптестеріңіздің шығармашылықтарымен таныс бола аласыздар. «Шабыт» журналынан рухани азық пен тәрбиелік маңызы бар ақпараттар легін қамти аласыздар деген үміттеміз! Еліміздің мәдениетінің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі шараларыңызды журнал ұжымы оқырман назарына ұсынуға әрдайым әзір.

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім Көпбайқызы

Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - ҚР халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері
Мейрамов Т.У. - ҚР халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. – ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері
Нөгербек Б.Р. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Жауапты хатшы: Мерлан Рымжан
Тілшілер: Қуат Ежембек
Балжан Бекмағамбет
Мирас Әбіл
Александра Поршнева
Камила Габдрашитова
Евгений Лумпов
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



МАЗМҰНЫ



Әкім Тарази:
«Алдарыңнан ақ күн шықсын!»
4 бет



Қиял көкжиегі:
Дидар Кушумбаева
5-10-15 бет



Нұрислам Абдил:
«Мұзарт шынға шығындар - мұзбалақтар»
6 бет



Ізім Тойған Оспанқызы:
«Би - өнердің ішіндегі ең маңыздысы!»
8-9 бет



Қуат Ежембек:
«Бала кезден ақын болу арманым...»
12 бет



Өлең өрнегі:
Нұржан Салимов
13 бет



Бердімұрат Сайлаубек:
«Оралу»
14 бет



Арман Айтжан:
«Гүлдей құлпырған Гүлжан болмыс»
16-17 бет





АЛДАРЫҢНАН АҚ КҮН ШЫҚСЫН!

Әкім Тазари

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері,
жазушы, драматург, профессор



«Шабыт» деген өзі киелі, қасиетті сөз. Екінің бірінде шабыт бола бермейді. Қазақта құлшыну, алдына мақсат қою деген бар. Мұның бәрі күнбе-күнгі тірлікке қажет жайттар. Ал, «шабыт» деген ерекше, дарынды адамға ғана келеді. Және дарынды адамның өзіне де күн сайын келе бермейтін қасиетті сезім. «Шабытым келіп отыр», - дейді қазақ. Ондай кезде еш бір жан ештеңеге қарамайды. Егер ол домбырашы болса, қолына домбырасын алып, күй тартады немесе жаңа күй шығарады. Шабытым келіп отыр десе, драматург қолын

қаламын алып жаңа бір дүние жазады. Прозагер шабытым келін тұр десе, ол бір жақсы әңгіме жазады.

Шабыт арқалы адамда ғана болады. Сол себепті де «шабыт» қасиетті ұғым. Сондықтан мына университетіміздің өзі «Шабыт» болып тұр ғой. Мұнда білім нәрін бойына сіңіріп жатқан адамдар, мұнда сабақ беретін адамдар - ол екінің бірі емес. Көшенің адамы емес. Ол - бүкіл халыққа, бүкіл қазаққа үлгі болатын адам. Сондықтан шабыт университетінде сабақ беретін әрбір ұстаз өзін биік мақсаттан ғана көрсетуі керек. Жақсылығымен ғана, талантымен ғана. Оқып жүрген студенттеріміз өзін жақсы қырларымен, жақсы қасиеттерімен, жақсы мінезімен, басқаларда кездесе бермейтін керемет шабытты сәттерімен көзге түсу керек. Шығармашылық деген ұғымның өзі қасиетті ұғым ғой. Екінің бірі шығармашыл адам бола алмайды. Мыңның бірі, жүздің бірі, миллионның бірі болуы мүмкін. Мысалы,

Қазақстанда он жеті миллион тұрғын бар. Оның бәрі өз еңбегімен жүрген адамдар. Көбі еңбекқор, жұмысшы, шаруа, малшы, жалшы, зауыт-фабрикалардың қызметкерлері, т.б. Бірақ, он жеті миллионның ішінен жүз жетпіс немесе мың жеті жүз дарынды адам болады. Тіпті айналып келгенде он жеті болуы мүмкін ол. Ешкім оны кесіп айта алмайды. Сондықтан осында оқып жатқан әр адам солардың біреуі екенін ескеруі керек. Он жетінің бірі екенінді, бір жүз жетпістің бірі екенінді, бір мың жеті жүздің бірі екенінді, ары кетсе он жеті мыңның бірі екенінді ұмытпауың шарт. Көшеде таза киінін, сөйлегенде

ешкімнің бетінен алмай, әдемі, жұмсақ дауыспен сөйлеу керек. Сен дүкенге кірсең де біреулер сені танып қалып, көрсетуі мүмкін. Сол кезде ауызыңнан ақ ит кіріп, қара ит шығатын болса, сен өзіңді емес анау он жеті мыңды қорлағаның. Өзің жаман болып кетсең де, басқаларына кір келтірмеуің керек. Сондықтан біздің студенттерге, «Шабыт» журналының оқырмандарына біріншіден, құтты болсын деп айтамын. Алғашқы нөмірлерің өте әдемі, мағыналы шыққан. Табыс тілеймін! Алдарыңнан жарылқасын Алла! Алдарыңнан ақ күн шықсын! Қазаққа белгілі үлкен журнал болсын!





ҚАЗАҚ ҰАТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ



*«Сценография: киім дизайнері»
мамандығының IV курс студенті
Кушумбаева Дидардың жұмыстарын
назарларыңызға ұсынамыз.*





МҰЗАРТ ШЫҢҒА ШЫҒЫҢДАР - МҰЗБАЛАҚТАР

Бәрі де жарыса қанат сілтегенімен, арасында атылып шеп бұзғандары да, қатарынан қалмай қалықтағандары да, шыққан биігінен құлдырағандары да бар болды. Бірақ, бөліп жарғым келмеді. Себебі бір-бірі үшін шыр-пыр еткен жандары барлық олқылықтардың орынын толтырды.

Аспанмен астасқан асқарлық тек қыранға ғана тән болар. Қанатын қаққан сайын көкке талпынып, жарық күнге жетуге асығатын әр тастүлек топшысының қатайған сәтін күтер. Сонда ғана шапағын шашқан күннің көзін көрегелеп, қанаттарының саңылауынан сәуле ойнатып, жерге түскен көленкесімен жарысып, жер бетіндегі барша тіршілікке өзінің паңдығын, өзінің бірегей жаратылыс екендігін дәлелдер мезет.

27.12.2013 ж. ҚазҰӨУ-нің 1-курс «драма театр және кино актеры» мамандығының студенттері өздерінің жарты жыл ішінде меңгерген - сахна тілі және актер шеберлігі пәндерінен алған тәжірибелерін көпшілік назарына ұсынды. Бірінші-бірі озған 18 оғыланның әрқайсысы саңылақ болуға ғана емес сайыпқыран болуға лайық. Сөйлеу мәнерінде болсын, ойнау шеберлігінде болсын ізденімпаздылық, яғни қамсонарда із кезген тірнектей аса мұқияттылықпен, өте сезімталдықтың табы басым. Мәселен, демге арналған, дауысқа сондай-ақ, жақтың ашылуына байланысты жаттығулар жарыса орындап, азда болса игергендерін азық ете білгені көңіл тойдырады.

Саятшылар қыранды әртүрлі талаптарға сай баптай отырып, белгілі бір сынақтарда сыналта келе бұғанасын бекітіп, қабырғасын қатайтқаннан кейін, қанатын қомдатып, томағасын сыпырмақ. Бүгінде қаз-қаз басып жарыса бастаған балапандар күн санап емес сағаттап, керек десеңіз секундтап өсіп жатқандай. Себебі, ақиық ақын - Мұқағалидың отты, жүрек жарды өлеңдерін асқан шеберлікпен зерделей білген. Тізбектеліп ұшқан құстардай өзара байланыс тапқан құс жолының қатары бұзылмастан, өз ретімен, өз кезегімен, шағын сюжетті көрініс іспетті жалғасып ғана қоймай, Мұқанның жанын тербеген музасы ортамызда жүргендей күйге бөледі.

Сөйтсек, көріп көзайым болар сәт әлі алда екен. 28.12.2013 ж. көрсеткен әртістік шеберліктері. Әр жаттығуларының айтар ойымен, берер пайдасын көргенде жатықтырушыларға еріксіз риза боласын. Әртіс үшін ең бастысы әр әріпті, әр дыбысты, сөзді дұрыс жеткізу, ұғынықты айту мен қатар, партнёрді сезіну емес пе?! Ендеше осы заңдылықтардың бәрі осында, өз орнында, сахнада. Қыранның қанына біткен қасиет, әрі қағидасы қызыл көрсе шүйлігетіні болар. Бүгінгі мұзбалақтар осы қалпынан танбаған сияқты. Айтпағым, қазіргі эстрада жұлдыздарына арналған пародиялары астарлы ақиқатпен, ащы шындықпен көрініс тапқан. Осылайша қас-қағым сөтте оқушылардың тәжірибесімен бірге оқытушылардың (ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор - Омар А.Қ., топ жетекшісі - Бірімқұлов Е.Р.) шәкірт бойына сіңіре білген шеберлік нәрі айқын жеңіске жетті.

Бірақ, бір әттеген-айы, қанатын керіп кең көсілгісі келген жас қырандар ұясына сыймай, төрт қабырғасының тарлығы, жетістіктерін жетер - жеріне жеткізе алмағаны көңіл қынжылтады.

Сөз соңында айпағым, ел арасында «мұзбалақ» жайлы әртүрлі айтылар ойлар басым. Бірі мұзбалақ - 4 немесе 5 жасар бүркіт, екіншісі - жоқ, ол әбден томағасы сыпырылып, күші де қайраты да толысқан 7 жасар бүркіт десе, үшіншісі - «мұзбалақ» бүркіттің қыста дүниеге әкелген жас балапандарының ішінде, қысқы қытымыр боранмен, ызғарлы аяздан аман қалып, қанатына шық торлатып, көктемге тірі жеткен жас балапанды айтады деседі. Мен осының үшіншісін негізге ала отырып, бүгінгі 18 мұзбалақтың мұзарт шыңға шығуына тілектеспін!



Абдил Нұрислам



«ШАБЫТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ



Көптен күткен ұлы той... Үкілеген үмітіміз ақталып, алға қойған мақсатымыз орындалды. Иә, шынымен бұл атаулы күнді баршамыз асыға күттік. Енді ай сайын оқу орынымыздың қабырғасынан «Шабьт» журналы жарыққа шығатын болады. Өткен 2013 жылдың желтоқсан айының 24-ші жұлдызында Ф.Шопен атындағы кіші залда журналдың салтанатты түрде ашылуы өтті. Бұл атаулы күнмен баршамызды шын жүректен құттықтап, өнер ордамыздың ұстаздары келген болатын. Атап айтсақ, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, театр сыншысы, профессор - Ә.Сығай, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Өнертану» кафедрасының меңгерушісі, кинотанушы, профессор - Б.Нөгербек, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент - Н.Мұқышева сынды өнер жанашырлары жылы лебіздерін білдірді. Тәлімгерлер барша қауымға алда жасайтын жұмыстарымызға сәттілік тілеп, ақыл-кеңестерімен бөліскен еді. Алда атқаратын істеріміз жетерлік. Баршамыз бірігіп жұмыс жасасақ, журналымыздың ұмыры ұзақ болатынына сеніміміз мол. Көтерілер деңгейінен биік болсын!

«АСАУҒА ТҰСАУ» ЖАСТАР ТЕАТРЫ САХНАСЫНДА

Оқу оқимын деп, оқығанын көңілге тоқимын деп, тұрмысқа кештетіп шығу бүгінгінің ғана проблемасы емес. Бұл мәселені IV ғасыр бұрын Уильям Шекспир «Асауға тұсау» пьесасында көтерген. Әлемдік классиканың алтын қорына енген қойылымды елорданың «Жастар» театры жаңаша көзқараста көрермен назарына ұсынды.



«ҚОЗЫ КӨРПЕШ - БАЯН СҰЛУ» МЮЗИКЛІ ҚОЙЫЛДЫ



Астана қаласында өткен жылдың желтоқсан айында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры Астана қаласының 15 жылдық мерейтойының жалғасы, Тәуелсіздігімізге 22 жыл толуына байланысты, Қаллеки театры артистерінің бірігіп, жеке шығармашылық ізденіс негізінде құрылған «Бәйтерек» тобының 10 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» мюзиклінің премьерасын өткізді.



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

БИ - ӨНЕРДІҢ ІШИНДЕГІ ЕҢ КҮРДЕЛІСІ

*ҚР еңбек сіңірген артисі,
өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор -
Ізім Тойған Оспанқызы*

- Тойған Оспанқызы, би өнерінің құдіреттілігі неде, ол қандай тарауларға бөлінеді?

- Би - өнердің ішіндегі ең күрделісі. Кәсіби білім беруде бұл өнерді сан тарауға бөліп оқиды. Классикалық би, халықтық-сахналық би, заманауи би, спорттық би, тарихи-тұрмыстық би, модерн би т.б.

- Қазақ биінің фольклорлық үлгіде дамуына үлкен үлес қосқан жансыз. Ұлттық биімізді биікке көтеруге ат салысқан

азаматтар қатарынан тағы кімдерді атар едіңіз?

- Ұлттық мәдениетіміздің өркендеп, кең канат жаюы үшін тер төгіп жүрген жандармыз ғой. Мен 27 жыл сахнада еңбек еттім. Осы жылдарымды қазақ би өнерінің қыр-сырын жетік меңгере отыра, оның фольклорлық үлгіде дамуына арнадым. Қазақ би өнерінің негізін қалаған атақты биші Шара Жиенқұловадан бастап, Заурғали Райбаев, Ментай Тілеубаевтардың ізімен күні бүгінге дейін би мұрасы өз жалғасын тапқан.

- Қазақ би өнері десе, аузымызға бірден биші, педагог, Қазақстанның халық артисі Шара Жиенқұлова түсетіндігі рас. Ол кісінің қандай еңбектері бар?

- Шара Жиенқұлова 1965 жылы Алматы хореография училищесінің оқу бағдарламасына қазақ биін жеке пән ретінде енгізген болатын. Қазақ биінде кездесетін әр қимылға атау берген де осы кісі. Біз осы үрдісті жалғастырушылармыз, жас биші өрендерді жетелеушілерміз. Алайда, өнер қатып қалған қағидаға сүйенбейтіндігі де ақиқат. Сол себепті Шара Жиенқұлованың қазақ биіндегі қимылдарға берген атауларына мысалы, ожау, ағаш төсек сынды қимылдарға уақыт өте келе біраз өзгерістер енгізілді.

- Қазақ билерінің өзге халықтардың билерінен айырмашылығы неде?

- Әр халықтың өзіне тән салт-дәстүрі, өмір салты бар. Ал, би дегеніміз - халықтың өмірін сахнада бейнелеу. Қазақ биінің қимыл-әрекеттері, би лексикасы әрине өзгеше. Бір ғана мысал: «Қайнар бұлақ», «Толқын», «Жалын», «Кереге көз» сияқты қол қимылдары ешбір халықта кездеспейді. Бір ғана қарапайым мысал ретінде айтайын, қолдың бес саусағы жиналып білезіктен қолдың басын айналдыру қимылы испан халықтарында да, еуропаның көптеген ұлттық билерінде де кездесіп жатады. Бірақ қазақ биіндегі бұл қимылдың ерекшелігі бес саусақтың жиналып кері қайтарылған қолдың айналған кезінде жұмсақ болып, қайта айнала алуы керек.

Шара апамыздың ізбасарлары бар ма, олар кімдер?



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

- Би өнерінің дамуына өз үлесін қосқан Қ.Р. Халық артистері Гүлжан Талпақова, Ғалия Тоқтарбаева, Ботагөз Байжұманова, Мақан Үсенов, Талант Қылышбаев, Роза Исламғалиевалардың еңбектері орасан зор. Біздің университетіміздің студенті, бүгінде талантты биші Гауһар Усина Астана Мемлекеттік Опера және балет театрында қызмет атқарып жүр.

- *Хореография бөліміне оқуға түсуге келген өрендерді іріктеп алудың талаптары қандай?*

- Еліміздің түкпір-түкпіріндегі жоғарғы оқу орындарында хореография кафедралары бар. Ал Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы мен Астанадағы Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің өзге оқу орындарынан айырмашылығы - кәсіби үлгідегі педагог хореографтар мен режиссер хореограф мамандарын дайындап шығаруында. Біздің университетіміздегі хореография мамандығына түсуге келген талапкерлердің оқу процесі барысында би өнерінің негізгі бағытын бағамдай алатын орта білімі бар, яғни, колледж түлегі болғаны абзал. Сондай-ақ, режиссер-хореография бөліміне түсуші студенттердің азды-көпті тәжірибесі бар, белгілі бір жерде іні ұжымын басқарып жүрген, би қоюға қабілеті жеткілікті болғандығына баса назар аударылады.

- *Университет бітіретін хореография бөлімінің студенттерін жұмыспен қамту жағдайы қарастырылған ба?*

- Биыл алғашқы түлектерімізді ұшырғалы отырмыз. Бітіруші 7 студенттің де болашақта жұмыс жасайтын қызмет орындары белгіленген.

- *Әңгімеңізге рахмет. Шығармашылық табыс тілеймін!*



Сұхбаттасқан: Балжан Бекмағамбет







ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ӨНЕР ТАБЫСТЫРҒАН ЖАС ЖҰБАЙЛАР

Ортақ сұрақ: *Отбасылық өмірдің қызығы мен ерекшелігі неде?*



Сапанов Айбек (вокалдық өнер, III курс)

Туякова Жанна (прима қобыз, III курс)

Екі жас бірін-бірі сүйіп, отбасын құру ол табиғи заңдылық. Ата-анаңа немере, шөбере сүйгізіп, сүйген адамыңмен бақытты ғұмыр кешсең одан асқан қызық жоқ деп білеміз.

Балапанов Нұрбол (эстрада өнері, 2013 ж. бітірген, Дарын сыйлығының иегері)

Гүлназ Балапанова (музыкалық драма, IV курс)

Отбасының мықтылығы әйел адамға байланысты деп жатады, оған мен келіспеймін. Отбасын екі жас құрған соң екеуі де жауапты. Сонда ғана адам баласы отбасының ерекшелігін түсінеді. Өмірдің қызығы - отбасын құру, ал отбасының қызығы - өмірге кішкентай нәресте әкелу. Нағыз бақыт осында жатыр.



Салаев Болатбек (мүсін, III курс)

Салаева Құралай (хореография, III курс)

Алла Тағаланың әмірімен, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетімен отау құрдық. Қуанышта да, қиыншылықта да сүйген жарың қасыңнан табылса, бақыт деген сол. Басты ерекшелік осында. Ал қызығына келсек, отбасылық өмірдің қызығы еш уақытта таусылмайды ғой, көрер шаттығымыз алда деп білеміз. Алла амандығын берсе, ол күндер де алыс емес.



Тұрысбек Жантай (эстрадалық актер өнері, II курс)

Тұрысбекова Аяулым (драма актері, IV курс)

Осыдан төрт ай бұрын Расул есімді сәбиіміз дүниеге келді. Отбасылық өмірдің қызығы - Расулда. Жанұялық өмірдің маңыздылығы мен бақыты - қос ғашықтың бір біріне түсіністікпен қарап, бағалай білуі.





ҚУАТ ЕЖЕМБЕК: Бала кезден ақын болу арманым...



Болашақтан зор үміт күттіретін, бойындағы қабілетін, дарындылығын дүйім жұртпен бөлісіп жүрген жас таланттарымыз бүгінде аз емес. Өнер жолында өзіндік орнын қалыптастыруда, өзгеге ұқсамайтын ерекше қабілеттерімен алға басуда. Осындай қасиетке ие жандардың бірі - өнер ордамыздағы «театртану» мамандығының 3 курс студенті (Ә.Сығай шеберханасы) **Қуат Ежембек**.

«2013 жыл қараша айының 25-ші жұлдызы мен үшін ерекше күн болды!», - деп еске алды жас талант иесі.

Олай деуге толықтай негіз бар. Дәл осы күні Сарыарқаның төрінде орналасқан Тілеп қобыз сарайында Республикалық патриоттық әндер байқауы өтіп, Қуаттың сөзіне жазылған «Туған жер» (әні: М.Кәкімхан) әні бірінші

орынды иеленді. Ақындық өнер - сөз өнерінің аса қастерлі саласы, ақын бойындағы шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі, ұлттық әдебиеттегі сезім мен сырға толы тамаша өрнектердің дәстүр мен ақын шабытының астаса келіп, өлең құдіретінің жарқырап көрінер әсемдік әлемі.

Киелі Семей өңірінің тумасы жас ақын Қуат бойындағы бұл қасиеттің бүгінгі таңда өрбуіне түрткі болған жанды былайша еске алды:

-Ақын болу бала кезден бері келе жатқан арманым еді. Ақын, жазушылардың шығармашылығымен етене жақын болған марқұм әкем кітапты көп оқитын. Бойымдағы талантымды шыңдауға негіз болған, ақындық жолға итермелеген, бүгінде ойымдағыны қағаз бетіне түсіріп жүруіме түрткі болған - әкем.

-Ақындар неге келбетті келеді? - деген сауал сәби көңіліне жиі оралатын.

-Олар халықтың адамы ғой, ел еркелетеді, жақсы көреді. Сондықтан олардың көңілдері әрдайым жас - деп, баланың сана-сезіміне сай жауап қайтарған әке сөзі әлі есінде. Әке өсиетін жерге тастамаған жас өнерпаз ақиық ақындарымыздың туындыларын жастайынан бойына сіңіріп, мектеп қабырғасынан алғашқы өлеңдерін жаза бастады.

«Ең алғашқы өлеңім мектебімде шығатын «Бастау» газетінде жарық көрді. 5-ші сыныптан бастап облыстық, республикалық жас ақындар мұшайрасына ат салысып, бірталай алғыс хаттар мен дипломдарға ие болдым».

Жас ақын өз шығармашылығында жалаң сөздер мен жаттанды тіркестерді қолданудан қашпақтайды. Көздеген мақсатының арқасында республика көлемі бойынша 40-қа жуық өнерпаздың ортасынан топ жарып шығуының сыры да осында болса керек.

«Елордадағы алғашқы жеңісімді үйде отырып, менің тақымымды қысып отыратын анама арнадым!»

Қуаттың өмірлік ұстанымы:

« Шындығын жоғалтып алмау».

Әріптесімізге өнер жолында алар асуларыңыз бен бағындырар белестеріңіз ұзағынан болсын деген ізгі ниетімізді білдірдік.





Сүйемін

Өмірді сүйем, болса да мейлі өлшеулі,
Үмітті өшіріп, төксе де қанша мұң-шерді,
Сәулесі күңгірт, жолдары тайғақ болғанмен,
Бар екендігі үшін, адалдық деген бір белгі.

Жарысқан желмен жебедей жүйрік ойменен,
Тітіркенеді ықпалыменен бой-денем.
Өнерді сүйем өрнегін ойдың өрбітіп,
Ақиқатты айтып, тарихым болып сөйлеген.

Жүректе жалын, бойымда қуат бар да леп,
Сұраса дағы ер-тоқымын ол тарда тек,
Ыза-кегімді көз жасымменен шығарып,
Жаманды сүйем, жаратты оны Алла деп.

Төбемде қаптап, қара бұлт кетпей басымнан,
Ақылым жетпей, амалым құрып шашылғам,
Самалым болып әкеткен бәрін төбемнен,
Досымды сүйем, табылды гой деп қасымнан.

Қолында тұрса тиесілі елге қаражат,
Жұмсаған бәрін орын-орныммен саралап,
Көз жұма қарап, ала жін аттап көрмеген
Адалды сүйем, ниеті үшін ғаламат.

Пайдасы үшін намысын салған саудаға,
Өмір жүргізген өзенге, көлге, тауға да.
Көрінбей жүріп, көз жасын елдің көл еткен,
Арамды сүйем, келер деп бір күн тәубаға.

Мін іздеп бойдан, қарайтын қарсы күдікпен,
Шәкірттің ынашып шәрбаттай ойын шіріткен,
Ақшаны көріп, талантты тани алмаған
Ұстазды сүйем, түзелер деген үмітпен.

Ақиқат осы, жазбадым оны текке мен,
Әділдік жоқ қой, сол үшін ғана кектенем,
Күшпенен кімді күресіп жеңе аласың,
Амалым қанша сүйем ғана шектелем...

Сәбилік сәт...

Өткенді ойласам өртенеді ішім,
Балалық кезім көркем еді шын,
Аңсаған шақта апарар сонда
Сиқырлы сара жол келемісің?!

Оралса ойға бәрі игі едің,
Тұла бойымды қариды менің.
Сағынтып барады ауылымда қалған
Сәби көңілім, сәби жүрегім.

Бала көңілімнің гүлденгенінде,
Бағалап тіпті үлгермедім де.
Балшыққа батып, шалшыққа шомып,
Қалдың ба екен жүрген жерімде?!

Алдағы таңдар тосады немен?
Өткен күн тарих жасайды менен.
Аязда тоңған күндерге қазір
Жүрегім жібіп, босайды денем.

Жағалап жарды, жантайған шақта,
Айналып қызығы ортайған баққа,
Жалынды ұшқыр осы жасымды
Аңсармын ба екен, қартайған шақта?!

Еңбектеп алда жүретін кез бар,
Бір-екі тіспен күлетін кез бар.
Өткен-кеткенге өкпелі кез бар
Құбылма көңіл, төкпелі кез бар.

Ұмытпа тағдыр тұрақтамасын,
Балалық күннен жырақтамасың.
Барлығы бала, сәби кезінде
Қартайып қалар бірақ та жасың.

Өткенге өкпем жоқ ала бөтен,
Тәп-тәтті шағың тоналады екен.
Сәбилік сәтің қауқарсыз, қамсыз
Қарттық боп ғана оралады екен...





Оралу

-Ей, сен ит! Қоймадағы астықты шетінен сатып, байып кетемін деп ойладың ба? Тез жауап бер иттің ғана баласы! Сағида үн жоқ. Сасқанынан не айтарын білмей аң-таң болып тұр.

-Ей, жексұрын неменеңе өтірік жынды болып тұрсың? Жауап бер тез!

Сағидың бар айтқны:

- Өтірік, бәрі де өтірік...

- Не өтірік?!

- Бәрі де өтірік айтады! Бәрі...

- Кім?

Сағи жауап қатпады. Үнсіз. Мелшиіп тұр.

- Әкетіндер мына арамза итті!

Екі жас жігіт қолын артына қайырып, Сағиды машинаға апарып салды. Сағи еш нәрсе түсіне алар емес. Бар білері, бұның бәрі өзіне тағылған өтірік жала екендігі. Бірақ бұл «кімге керек болды?» «не үшін?»,- деген сұрақ көкейін тесіп барады. Осы түнін Сағи темір тордың аржағында өткізді. Келесі күні ешқандай дәлел, айғақ таппағандықтан оны босатып жіберген еді. Ол шыға салып жұмыс жағына беттеді. Кешегі қаһарлы айдаһардың алдына қайтадан келді. Келіп өзіне тағылған жаланың мән-жайын сұрастыра бастаған. Қаһарынан қар жауып, қабағын қарс түйген әкім, оның алдына табақтай мөр басылған парақты лақтырып кеп жіберіп:

- Қадіров, сіз жұмыстан қуылдыңыз. Енді өз жөніңізбен кете беріңіз!

- Жолдас Апрамов, бұл қалай сонда?

Менсінбеушілік дауыспен оны төмендете сөйлеп:

- Иә, Қадіров солай! Халықтың адал еңбегін жымқырып, өз пайдасын көксейтін арамза арамтамақтарға біздің ортада, тіпті біздің қоғамда орын жоқ! Сондықтан өз жөніңізді біліп, кабинетті босатыңыз.

- Мұның бәрі жала ғой!

- Жасайтыныңды жасап алып, енді ақталудың керегі шамалы.

- Қалайша?! Еш кінәм, айыбым жоқ бола тұра... істегем жоқ деймін сізге, – айқай салып көзін ашып қараса, баяғы сол жаман лашығының іші екен. Өңі ме, түсі ме айыра алмай, көзін тағы бір жұмып ашты. Иә, Апрамов түсі екен. Қарыны ашқандықтан, денесінде титімдей де күш қалмапты. Енді бір қараса, екпетінен түсіп жатыр екен. Тұла бойы қақсап жатқандықтан, шалқасынан түсіп жатуға әлі жоқ. Оның үстіне төбесінен тесірейген күн де, қарақұстан шағып, берекетін қашырды. Тұла бойы быршып терлеп кеткен, киімі сығып алардай су. Біраз жан-жағын барлай қарап жатып, көзі тағы да ілініп кетті. Соңғы күндері байғұс қарттың, өңі мен түсі құдды бір-бірінен айырмасыз егіз бала тәрізді. Қайсысының кім екенін біле алмай басы дал болады. Қазір де көріп жатқан түсін өңіне балап жатқандай.

«Апрамов оттайды, менің еш кінәм жоқ. Бұның бәрі жалған». Қолындағы шишасынан арағын қылқылдата жұтып, аяғын әрең басып келеді. Удай мас. Бойын ашу-ыза билеп алған, айналасының бәрін жапырып келеді. Сағи үйіне қалай келгенін де білмей қалды. Кіре бере ошақтың басында жылап отырған әйелі – Мақпалға көзі түсті. Оның қасында ол жасар ұлы Сәрсен де отыр. Кенет:

- Жетер! Мен өліп пе едім?! Кімінші жоқтап отырсың? – деп, жекіріп айқайлай бастады.

- Сағи -ау! Не бүлдірдің – дегені сол-ақ екен, Сағи оянып кетті.

Оянып алып, жас балаша еңкілдеп жылап жатыр.

«Балам, Сәрсенім! Сенің мені жек көруіңнің себебі бар, ұлым кешір мені! Сені анаңнан айырғаным үшін кешір мені» - деп, сандырақтай бастады. Сағи Мақпалды сол өтірік жаланың кесірінен, ашу-ызаға булығып келіп, мастықпен соққыға жыққаннан кейін, соның кесірінен қатты сырқатқа ұшырап, араға екі ай салып, дүниеден өтерін ол қайдан білген?! Ал енді, өзінің қазіргі күйі мынау. Осы жерде көз жұмса ит-күсқа жем болары хақ! Сандырақтап жатып, есін жиып көзін ашты. Барлық әл-куатын жинап, басын көтеріп алды. Бедірейіп біраз отырды да, қойынынан ұлының суретін алып, өксіп-өксіп жылап алды. Сағидың ендігі ойы, өткенін ойлап құр өкінішпен көз жасын сұрту емес. Жоқ, ол емес. Ендігі жан айқайы, қаусаған, қу сүйек денесінен жаны шықпай тұрғанда, Сәрсенін бір көріп қалу.

(жалғасы келесі санда)

Бердімұрат Сайлаубек





ҚАЗАҚ ҰАТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ





«ГҮЛДЕЙ ҚҰЛШЫРҒАН ГҮЛЖАН БОЛМЫС»

Менің бұл кісімен көптен бері әңгімелесіп, сұхбаттасқым келіп жүрген. Кітаптан, газет-журналдардан, басқа да ақпарат көздерінен оқып-білу бір бөлек, сол адамның өзімен жүздесіп, әңгімелесу кісіге тіптен өзгеше серпін береді. Жайдары жүзін көріп, өмірі мен өнерін ұштастыра әңгімелескенге не жетсін? Бүгін сәті түсіп арманым жеткендей болдым. Сабақ кезі болатын. Кенеттен есікті біреу қақты. Бұл кезде танымал театр сыншысы Бағыбек Құндақбаевтың шәкірті, ізбасары Жаңагүл Сердәліқызының дәрісі өтіп жатқан тұсы еді. Есік тағы да қағылды. Жаңагүл Сердәліқызы: - Иә, бұл кім кіре беріңіз - деді. Есікті жәйлап ашып, жарқын келбетті Гүлжан Әспетова кіре бере: - Кешірсіз, маған Арман деген балам керек болып тұр. Өткенде менімен жолығамын деп жүр еді. Сол үшін арнайы келіп тұрмын. - деп сөл ғана жымыды.

- Өрине, Армантай бара ғой. Халық артисінің өзі сені іздеп келіп тұрғанда, қалайша бармайсың, бар тездете ғой..., - деді Жаңагүл апай. Қуанышымда шек жоқ. Бұл сөздерді ести сала, қолыма қойын дәптерім мен қаламымды алып, артынан ере жонелдім. Ұлағатты ұстаздың жұмыс орны, оқу-жаттығу кабинетіне кіргеннен кейін, өнер тәңірегіндегі сахна саңлағымен жарасымды әңгімеміз басталып-ақ кетті...

Гүлжан Әспетова Жамбыл облысы, Мерке ауылында дүниеге Шіркін-ай, Мерке деген жердің жәннаты ғой. Аспанмен ұштасқан көк сенгір заңғар таулары, сол таудан сылдырап аққан мөлдір таза бұлағы, қызылды-жасылды гүлдері көздің жауын алардай, жайқала өскен шөптерінің, түрлі емдік қасиеті бар жалбыздарының бұрқыраған ғаламат иісі солай деуіме негіз болып тұрған тәрізді.

1946 жылдың мамыр айының аяғы еді. Жарылқасын әкей мен Уәзипа ананың шаңырағында үлкен қуаныш, үлкен мереке. Бес ұлдан кейін дүниеге қыз нәресте келді. Иә, бұл отауға көптен бері қыз бала бұйырмаған еді. Неге екені беймәлім. Қыз бала жарық дүние есігін аша салысымен шетіней береді екен. Осыны уайымдап, қатты күйзеліске салынған ата-ана Жаратқан Жаппар иемізден бір қыз нәресте нәсіп қылуын күнде өтінеді. Шүкір, тілектері қабыл болып, өмірге Күлжахан есімді кішкентай ғана сәби келеді. (Кейінірек ол Гүлжан аталып кеткен А.А.) Міне шаттық, міне береке, міне думан. Бір қызығы, ол «іңгәләп» жыламай, аяқ-қолың тырбандатпай, сыртқы шаранасымен бірге шар сияқты доп-домалақ болып түсе қалыпты. Бәрі аң-таң болып, көргендеріне таңырқап, таңғалып қарап қалған. Сол кезде, үлкен әжесі Ырысты кемпір әлгі шарды жарып жібергенде, ішінен жұмыртқадан шыққан сарыуыз балапандай болып, Әспеттің немересі Гүлжан шығыпты. Ата-анасы үйдің жалғыз қызын, «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» еркіндік пен еркелікте өсіреді. Тіпті еркелетіп, есімін атамай «Гүлжеке» деген атаумен атайтын болған. Өңкей ұлдардың арасында бойжетеді. Оқуда да зерек әрі алғыр болады. Пушкин, Лермонтов өлеңдерін жатқа айтуда ешкімге дес бермейтін-ді. Балалық балғын шағынан бастап өнерге бейім болып өсті. Кішкентайынан артис болуды армандаушы еді. Бірақ, анасы мен әжесі: «Артистік өнер қыз балаға қол емес, бұл мамандық нәзік жандыларға арналмаған» деп түбегейлі қарсы болды. Дегенмен де, әкесі ара түсіп: «Бетінен қақпандар. Өз еркі білсін», - деп жүрекжарды ақ батасын береді. Сонымен қайсар қыз өзіндік ішкі жан-дүниесінің қалауымен, үкілі үмітінің жетегімен арманын қанат етіп, Алматыға жол тартады. Бұл - 1963 жылдың жазы еді. Сол жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының актер бөліміне оқуға қабылданады. Қабылдау комиссиясының құрамында болған режиссер Мен Дон Ук болашақ сахна шеберінің кескін-келбетіне тамсана қарап: «Сен нағыз Джульетта образын бейнелейтін актрисаға лайықсың», - деп еді. Иә, сонымен талабы таудай Гүлжан Әспетова Қазақстанның Халық артисі, профессор, тұңғыш ұлттық арнайы режиссерлік диплом иеленген әйгілі Асқар Тоқпановтың сыныбына түседі. Иә. «Тоқпановтың тоқпағынан» бұл актриса да өтеді. Ерекше дарынының арқасында ұстаз сенімін ақтап, дипломдық жұмыстарында М.Әуезовтың «Қарагөзінде» Қарагөз ролін кескіндейді. Және де тамаша актерлік шеберлігінің арқасында зор қошеметке ие болғаны да жасырын емес. Бірден, Кеңес Одағының халық артисі, Халық Қаһарманы, Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетовтің көзіне түсіп, театр факультетін бітірісімен ұлттық өнеріміздің қара шаңырағы, әкемтеатрға қызметке алынады. КСРО Халық артистері - Шолпан Жандарбекова, Фәрида Шәріпова, Асанәлі Әшімов, Ыдырыс Ноғайбаев сынды өнер тарландарымен иық тірестіре жүріп, сахнаның бітім-болмысын, небір жұмбаққа толы қыр - сырын шама - шарқы келгенше меңгеруге тырысып бақты. Қаншама





теперіш, қаншама қысым көрсе де, болашақ театр жұлдызы еш қиындыққа мойынсынбай, өзіне жүктелген міндетті абыройлы атқара білген. Актерлік өнер ұқыптылықты, үлкен жауапкершілікті талап ететін нәзік те күрделі, рахатынан гөрі бейнеті мен зейнеті әлде қайда көп кездесетін өнер. Сахналық мамандықтың осы бір ерекшелігін Гүлжан Әспетова өзінің алғашқы қадамынан бастап жадында сақтаған.

